

Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеуге шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың қорытындылары


Негізгі үрдістер

- ✓ Бөлшек несиелеу сегментінің өсу қарқыны баяулағанына қарамастан (21,9%-дан 8,7%-ға дейін), корпоративтік несиелеу 2025 жылы тұрақты оң динамиканы сақтап, банк портфелі өсімінің негізгі драйверіне айналды.
- ✓ Ақша-несие шарттарының қатаңдатылғанына қарамастан, жаңа корпоративтік қарыздарды беру өсімі өткен жылғы деңгейге жақын сақталды (18,5%-ға қарсы 17,9%). Бұл ретте беру көлемі Т22,3 трлн деңгейіне жетіп (+Т3,4 трлн), экономиканы несиелеудің жалпы көлеміндегі өз үлесін 53,3%-ға дейін (бір жыл бұрын 51,3%) ұлғайтты.
- ✓ Мұндай айтарлықтай өсім, ең алдымен, ірі бизнеске несиелеу динамикасымен (+31,0%) негізделген, бұл инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалардың іске асырылуы, өтінімдер конверсиясының едәуір жақсаруы (51%-дан 58%-ға дейін) және олардың орташа мөлшерінің артуы (Т8,8 млрд-тан Т10,5 млрд-қа дейін) аясында орын алды. Бұл сондай-ақ қарыз алушылардың несиелік сапасының жақсарғанын көрсетеді. Қосымша түрде бұл өсім ірі компаниялардың қаржыландырудың әртүрлі көздеріне, соның ішінде валюталық несиелерге кеңінен қол жеткізуімен, сондай-ақ олардың даму институттары тартылған жобаларға қатысуымен қолдау тапты.
- ✓ Орта (+16,7%) және шағын бизнес (+5,2%) сегментінде несиелеу динамикасы қарыз алушылардың несиелік сапа деңгейіндегі айырмашылықтарды (мақұлдау деңгейі іс жүзінде өзгерген жоқ) және мемлекеттік қолдау бағдарламаларына тартылу дәрежесін көрсете отырып, анағұрлым ұстамды болды.
- ✓ Несие ресурстарына деген сұраныс динамикасы жыл бойы құбылмалы деңгейде сақталды (төменді қараңыз): тұтастай алғанда нарық бойынша сұраныс 10,7% өсті, бұл ретте негізгі үлесті ірі бизнес сегменті (+14,1%) қамтамасыз етті.


- ✓ Бұл ретте бағалық шарттар базалық мөлшерлеменің өсуі (+275 б.т.) мен қорландырудың қымбаттауына байланысты барлық сегменттерде (төменді қараңыз) қатаңдатылды.
- ✓ Несие берудің салалық құрылымы ағымдағы циклдің инвестициялық сипатын растайды. Ірі бизнес сегментінде өнеркәсіп (+74,2%), құрылыс (+59,9%) және көлік (+23,2%) негізгі драйверлерге айналды, бұл экономиканың өндірістік секторының жеделдеуіне (ЖІӨ-нің 6,5% деңгейіндегі жалпы өсімі кезінде 8,7%-ға дейін) және инфрақұрылымдық инвестициялардың артуына сәйкес келеді.
- ✓ Айналым қаражатын несиелеудің басымдығы (бұрынғы 64%-ға қарсы 61%) сақталғанына қарамастан, 2025 жылы күрделі шығындар мен инвестицияларды қаржыландыруға деген сұраныс күшейді, бұл беру көлеміндегі ұзақ мерзімді несиелер үлесінің артуынан көрініс тапты. Ол барлық сегменттер бойынша бір мезгілде өсті: ірі бизнесте – 19% (2024 жылы 14%), орта бизнесте – 31% (24%), шағын бизнесте – 61% (52%).
- ✓ Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік несиелеу циклі белсенділіктің неғұрлым ірі қарыз алушылар мен инвестициялық жобалар жағына қарай ығысуымен сипатталады. Бұл банктердің неғұрлым қатаң ақша-несие шарттарына бейімделуін, сондай-ақ несиелеу ағындарын қайта бөлудегі мемлекеттік құралдар мен саясат рөлінің күшейгенін көрсетеді.
- ✓ 2026 жылдың басында қарыздарға деген тұрақты сұраныстың сақталуы күтіледі, бұл ретте оның құрылымы базалық мөлшерлеме өзгермеген жағдайда инвестицияға бағытталған салалар мен неғұрлым ірі қарыз алушыларға басымдық беруін сақтап қалуы ықтимал.
- ✓ Салалар бөлінісінде 2026 жылдың бірінші тоқсанында несиелеу ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (21,5%), ауыл шаруашылығына (18,1%), саудаға (14,2%) және құрылысқа (14,0%) тиесілі.

Кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру серпіні*

Кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттер




Кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер портфелі




Кәсіпкерлердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелер*

Кәсіпкерлердің кредиттері б-ша орташа өлш. мөлшерлеме



Кредиттеу субъектілері бөлінісіндегі динамика




* Дереккөз: ҚРҰБ
*банк секторы-ЕДБ + ҚДБ *


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Несиеге өтінімдердің өзгеру динамикасы және өтінімдер бойынша мақұлдау пайызы

Кредиттерге өтінімдерді өзгерту т/т




Кредиттерге өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі




Қарыздарды тарту мақсаттары және бизнестің ұзақ мерзімді кредиттерінің үлесі*

Қарыз тарту мақсаттары, млрд теңге



Берудегі ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі (1 жылдан астам)



Резюме

2025 жылы корпоративтік несиелеу барлық негізгі көрсеткіштер бойынша бір мезгілде екі таңбалы өсім көрсетті: бизнес-қарыздарға өтінімдер саны 10,7%-ға, жаңадан берілген несиелер көлемі 17,9%-ға, кредиттік портфель 21,2%-ға өсті. Бұл экономиканың өсу қарқынынан (2025 жылғы ЖІӨ 6,5%-ға өсті) айтарлықтай асып түседі және бизнестің несиелік белсенділігінің озу динамикасын көрсетеді.

Бұл ретте экономика субъектілеріне берілген жаңа несиелердің жалпы көлеміндегі корпоративтік сегменттің үлесі 53,3%-ға (бұрын 51,3%), ал жиынтық несие қоржынында 42,8%-ға (бұрын 42,5%) жетті.

Өсім негізінен ірі бизнес сегменті есебінен қамтамасыз етілді, ал шағын және орта бизнестің қосқан үлесі анағұрлым бірқалыпты деңгейде қалыптасты.

Мұндай динамика несиелік белсенділіктің қаржылық тұрғыдан неғұрлым орнықты қарыз алушылар мен «ірі чекті», оның ішінде инвестициялық және инфрақұрылымдық бастамалар шеңберінде іске асырылатын жобалар жағына қарай ығысқанын көрсетеді.

Сонымен қатар несиелеудің инвестициялық сипаты күшейді: ұзақ мерзімді қарыздар үлесінің артуы және несиелік белсенділіктің өнеркәсіп, құрылыс пен көлік салаларында шоғырлануы несиелік циклдің қысқа мерзімді айналым қаражатын қаржыландырудан инвестициялық модельге қарай біртіндеп бағытталуын көрсетеді.

2026 жылы мұндай үрдіс бірқатар салалардағы жоғары инвестициялық сұраныстың сақталуы, инфрақұрылымдық жобалар мен мемлекеттік қолдау бағдарламаларының іске асырылуы, сондай-ақ екінші жартыжылдықта ақша-несие шарттарының ықтимал жұмсаруы ықпалымен жалғасуы мүмкін.